

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 1-сі



УЕ-02-03-06
УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫН ІШКІ
ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Түркістан, 2024

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:

Ғылыми зерттеу орталығының басшысы



Т. Абдрасилов
«02» 09 2024 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор



Л. Шалабаева
«02» 09 2024 ж.

Аппарат басшысы



Т. Исаков
«02» 09 2024 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы



Д. Бейсембаева
«02» 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков
«02» 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы (зангер)



Е. Тасов
«02» 09 2024 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы м.а.



Ж. Сейткулова
«02» 09 2024 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ереже		
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Негізгі ұғымдар, терминдер және анықтамалар	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік	5
5	Жалпы ережелер	5
6	Ғылыми зерттеу гранттарына өтінім беру және конкурс өткізу тәртібі	5
7	Іріктеу критерийлері	6
8	Жобаларды іске асыру және қадағалау	6
9	Өзгерістерді енгізу тәртібі	7
10	Келісу, сақтау және тарату	7
11	Өзгерістерді тіркеу парағы	8
12	Танысу парағы	9
13	Қосымша 1	10

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ереже		
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) ішкі ғылыми гранттар есебінен жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулерді, іс-шараларды және жобаларды жоспарлау, іріктеу, ұйымдастыру және нәтижелерін қабылдау тәртібін белгілейді. Бұл гранттар «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) бюджеттен тыс қаражатынан қаржыландырылады.

1.2 Ішкі ғылыми-зерттеу гранттары Университеттегі ғылыми қызметті қолдау мен ынталандырудың бір нысаны болып табылады.

1.3 Ішкі ғылыми жобаларды жүзеге асыру мерзімі бір жылдан (12 ай) екі жылға дейінгі (24 ай) уақытты қамтиды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ;

2.2 Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен);

2.3 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 6 қарашадағы № 563 бұйрығы.

2.4 Университеттің Академиялық саясаты.

3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Ғылыми-зерттеу жоба – бұл белгілі бір мәселені, құбылысты немесе процесті ғылыми әдістер арқылы зерделеуге, жаңа білім алуға, тәжірибеде қолдануға болатын нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған жоспарлы ғылыми жұмыс.

Ішкі ғылыми-зерттеу гранты – Университет (немесе ғылыми ұйым) өз қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандыру және қолдау мақсатында университеттің ішкі (бюджеттен тыс) қаражаты есебінен берілетін қаржылық қолдау түрі.

Жобаның сипаттамасы – бұл ғылыми-зерттеу жобасының мазмұнын, мақсат-міндеттерін, зерттелетін мәселенің өзектілігін, жаңалығын және оны жүзеге асыру жолдарын қысқаша әрі нақты түрде түсіндіретін бөлім.

Зерттеу әдістері – бұл ғылыми жобаны жүзеге асыру барысында деректер жинау, оларды өңдеу, талдау жасау және нәтижеге қол жеткізу үшін қолданылатын ғылыми тәсілдер.

Күнтізбелік жоспар – ғылыми жобаның әр кезеңін, орындалу мерзімін және орындаушыларын нақтылап көрсететін, жоба барысының уақыттық құрылымын бейнелейтін құжат.

Шығындар сметасы – ғылыми-зерттеу жобасын орындау үшін қажетті қаржылық шығындардың тізбесі мен мөлшерін көрсететін құжат.

Күтілетін нәтижелер – бұл ғылыми жобаның соңында қол жеткізілуі тиіс негізгі нәтижелер мен өнімдер, яғни зерттеу барысында қандай білім, тәжірибе, құжат, материал немесе нақты шешімдер алынатыны көрсетілетін бөлім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – бұл ғылыми-зерттеу жобасын дайындау барысында негізге алынған ғылыми еңбектер, кітаптар, мақалалар, ресми құжаттар мен интернет-ресурстардың толық әрі жүйелі тізімі.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 5-сі

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланады және бекітіледі.

4.2 Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ережесі Университеттің ішкі құжаты болып табылады және Университетте жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру рәсімін айқындайды.

4.3 Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру конкурсын ұйымдастыру жұмыстарына Ғылыми зерттеу орталығы жауапты болады.

4.4 Ғылыми грантты бөлу туралы шешімді Басқарма Төрағасы – Ректордың (бұдан әрі – Ректор) бұйрығымен бекітілген комиссия қабылдайды.

4.5 Гранттық келісім Ректордың ішкі грант туралы келісім-шартқа қол қоюы арқылы ресімделеді.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Университеттің ғылыми әлеуетін арттыру, қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау және ынталандыру арқылы ішкі гранттық қаржыландыру жүйесін дамыту жүзеге асырылады.

5.2 Мектеп директоры профессор-оқытушы құрамымен бірлесіп ғылыми-зерттеу жоба бағытын айқындап, жұмыс тобын құрады.

5.3 Жүргізілген талдауға сәйкес мектеп директорлары Индикативті жоспарға ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру жобасының сандық көрсеткішін енгізеді және бекітеді.

5.4 Ғылыми зерттеу орталығы Ережеге сәйкес конкурс нәтижелерін сараптау үшін комиссия құрамын бұйрықпен бекітуге ұсыныс дайындайды.

5.5 Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру конкурсы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ГРАНТТАРЫНА ӨТІНІМ БЕРУ ЖӘНЕ КОНКУРС ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Конкурстың мерзімі, шарттары және нәтижелері Университеттің ресми сайтында жарияланады.

6.2 Университет бюджетінде тиісті мақсаттарға арналған, бірақ бөлінбеген қаражат болған жағдайда, бір жыл ішінде бірнеше конкурс өткізуге жол беріледі. Сондай-ақ, егер ұсынылған жоба университеттің академиялық және ғылыми әлеуетін дамытуға бағытталған болса, оны Ғылыми кеңестің қарауына ұсынып, конкурс өткізбей ішкі гранттық қаржыландыруға өтінім беруге болады.

6.3 Зерттеу гранттарына өтінім беру құқығына ие тұлғалар:

6.3.1 Профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ): ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, PhD докторлары, кафедра меңгерушілері немесе кафедра жанындағы ғылыми секциялардың жетекшілері.

6.4 Өтінімдер қағаз және электронды түрде Ғылыми-зерттеу орталығына (бұдан әрі – ҒЗО) тапсырылады.

6.5 Зерттеу грантына арналған өтінім келесі ақпаратты қамтуы тиіс (1-қосымша):

6.5.1 Жоба жүзеге асырылатын университеттің атауы;

6.5.2 Жобаның атауы (тақырыбы);

6.5.3 Жобаның басталу және аяқталу мерзімі;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 6-сі

6.5.4 Гранттық қаржыландыру шеңберінде сұралып отырған жалпы сома (шығыстар смтасы);

6.5.5 Жобаның сипаттамасы;

6.5.6 Зерттеу әдістері;

6.5.7 Үлгілік күнтізбелік жоспар және жобаны басқару;

6.5.8 Күтілетін нәтижелер;

6.5.9 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

7. ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

7.1 Конкурстық өтінімдер комиссияның оң қорытындысы негізінде іріктеледі. Төмендегі өтінімдерге басымдық беріледі:

7.1.1 Ғылыми әлеуетті арттыруға, Университеттің рейтингін көтеруге бағытталған, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» сәйкес келетін (патенттер, импакт-факторы бар мақалалар және т.б.) ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында күтілетін нәтижелерге негізделген жобалар;

7.1.2 Web of Science, Scopus, Clarivate Analytics сияқты халықаралық дерекқорларда индекстелетін журналдарда жарияланымдары бар үміткерлерге басымдық беріледі (импакт-факторы ескеріледі);

7.1.3 Қолдау тапқан жобалар Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылуы тиіс. Жоба жетекшісі Университеттің қызметкері әрі Қазақстан Республикасының резиденті болуы қажет.

8. ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ

8.1 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (жобаны) жүзеге асыру туралы келісім-шарт комиссия шешіміне сәйкес Университеттің (Ғылыми-зерттеу орталығының) ішкі ережелеріне және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалады.

8.2 Жоба жетекшісі жобаны іске асыру бойынша аралық және қорытынды есептерді қазақ және/немесе орыс тілдерінде ҒЗО-ға ұсынуға міндетті. Егер алты ай ішінде жоба аясында жоспарланған жұмыстар орындалмаса, жобаға бөлінген қаржыландыру Ғылыми кеңес мүшелерінің шешімімен тоқтатылады немесе кейінге қалдырылады.

8.3 Гранттық қаржыландыруға мақұлданған жобалар нақты мақсаттар мен міндеттерге бағытталуы тиіс.

8.4 Күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланатын кез-келген басылымда Университет қаржыландыруымен жарияланғандығын міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

8.5 Жоба аясында Clarivate Analytics, Web of Science, Scopus сияқты халықаралық дерекқорларда индекстелетін журналдарда кемінде бір және/немесе Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар кемінде екі ғылыми мақала жариялау міндетті.

8.6 Жоба аяқталған соң, жоба жетекшісі екі айдың ішінде жобаның ғылыми және техникалық деректерін, нәтижелерін қамтитын толық қорытынды есепті қазақ немесе орыс тілдерінде дайындап, тапсыруы тиіс.

8.7 Жоба орындаушылары ғылыми этика принциптері мен нормаларын қатаң сақтауы тиіс. Бұл дегеніміз – жобаны басқаруда этикалық рәсімдерді сақтау, интеллектуалдық адалдықтың жоғары стандарттарын ұстану, деректерді бұрмалауға, плагиатқа, жалған авторлыққа, басқа қатысушылардың келісімінсіз алынған мәліметтер мен нәтижелерді жеке қолдануға жол бермеу.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ереже		
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 7-сі

8.8 Жобаларды қаржыландыру жоба басталғаннан кейін 6 ай ішінде тиісті бұйрық негізінде жүзеге асырылады.

9. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы негізінде Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

9.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

10. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Осы Ереже Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

10.2 Ережені әзірлеу және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми-зерттеу орталығына жүктеледі.

10.3 Ереженің көшірмесі қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

10.4 Осы бекітілген Ереженің жұмыс данасы Ғылыми зерттеу орталығында, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ереже		
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	УЕ-02-03-06
		13 беттің 10-сі

Қосымша 1

ӨТІНІМ

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

1. Жобаның тақырыбы.
2. Жобаның басталу және аяқталу болжамды мерзімі.
3. Гранттық қаржыландыру аясында сұратылатын жалпы сома.

2. ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ (3000 сөзден аспауы тиіс)

1. Жобаның мақсаты мен міндеттері: осы бөлімде жобаның мақсаттары, сол мақсаттарға қол жеткізу жолдары, әдістері, қойылған міндеттері және олардың жүзеге асырылу тетіктері мен күтілетін нәтижелері сипатталады.

2. Жобаның практикалық маңызы мен ғылыми жаңалығы:

2.1 Жобаны әзірлеу алғышарттары, ғылыми жаңалықтың негіздемесі, зерттеліп отырған тақырып бойынша қазіргі уақытқа дейінгі әлемдік деңгейде жүргізілген ғылыми зерттеулерге шолу және осы жобамен өзара байланысы (мәтінде пайдаланылған әдебиеттерге міндетті түрде сілтеме жасалуы тиіс, олар 7-бөлім «Библиографияда» ашып көрсетіледі). Алдын ала нәтижелер болған жағдайда көрсетіледі.

2.2 Жобаның ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңыздылығы.

3. Жобаны және оның нәтижелерін жүзеге асырудағы әлеуметтік сұраныс және (немесе) экономикалық, индустриялық қызығушылықтар.

4. Алынған нәтижелердің ғылым мен технологияның дамуына әсері және күтілетін әлеуметтік-экономикалық ықпалы.

5. Негізгі сөздер (кілт сөздер): жобаға қатысты 5–6 негізгі (кілттік) сөз көрсетіледі.

3. ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ (1000 сөзден аспауы тиіс)

1. Жобада қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу ретінде қолданылатын ғылыми әдістердің сипаттамасы;

2. Қиындық туындауы мүмкін тұстар (тәуекел нүктелері), жобаны жүзеге асырудың баламалы жолдары;

3. Жоба аясында ғылыми этика қағидаттарының сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс, яғни басқарудың этикалық рәсімдері, соның ішінде зияткерлік адалдықтың жоғары стандарттарын сақтау, ғылыми деректерді бұрмалау мен қолдан жасауға, плагиатқа және жалған авторлыққа жол бермеу, сондай-ақ ұжымдық зерттеу барысында басқа қатысушылардың рұқсатынсыз алынған нәтижелер мен қорытындыларды жеке қолданбау талаптары сақталуы керек;

4. Адамдар мен жануарлардың қатысуымен жүргізілетін зерттеулер тетігінің сипаттамасы және олардың егжей-тегжейлі тәртібі, жоспарланған зерттеулердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі;

5. Зерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқықтарын рәсімдеу мен бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғау тәсілдерінің қайсысы таңдалатынын көрсету қажет).

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 12-сі

4. Күтілетін ғылыми және әлеуметтік-экономикалық әсер (жобаның нәтижелерінің ғылым мен қоғамға ықпалы, алынған ғылыми нәтижелердің қолданылу ауқымы және олардың әлеуетті пайдаланушылары мен тұтынушылары туралы сипаттама).

6. ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША СҰРАЛАТЫН ЖАЛПЫ СОМА (шығындар сметасы) (1000 сөзден аспауы тиіс)

Шығын баптарының атауы	1-ші жылға шығын (мың теңге)		2-ші жылға шығын (мың теңге)		Жобаны іске асырудың толық кезеңіндегі шығын (мың теңге)
	1-6 айларға	7-12 айларға	13-18 айларға	19-24 айларға	
Еңбекақы төлеу					
Ғылыми іссапарлар					
Сыртқы ұйымдардың қызметтері, жабдық жалдау					
Ғылыми-ұйымдастырушылық шығындар және жарияланым шығындары					
Жабдықтар, кеңсе тауарлары, кеңселік техника және басқа тауарлар					
Салықтық міндеттемелер және бюджетке өзге де міндетті төлемдер					
Барлығы:					

Шығындар сметасына түсініктеме:

Еңбекақы төлеу шығындары – ғылыми зерттеулер жүргізуге қатысқан ғылыми қызметкерлерге берілетін еңбекақы мен сыйақылар, барлық салықтар мен төлемдерді ескере отырып есептеледі;

Ғылыми іссапарлар шығындары – зерттеулермен байланысты іссапарлар, олардың көлемі ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 қаулысымен бекітілген іс-сапар шығындарының нормаларынан аспауы тиіс;

Сыртқы ұйымдардың қызметтері мен жабдық жалдау – зерттеу жүргізуге қажетті өзге ұйымдардың қызметтері, Ұжымдық пайдаланудағы Ұлттық зертханалар қызметтері, жабдықтарды жалға алу;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ішкі гранттық қаржыландыру тәртібі туралы ереже		УЕ-02-03-06
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 13-сі

Ғылыми-ұйымдастырушылық шығындар және жарияланым шығындары – жобаны іске асыру нәтижелері бойынша мақалалар (импакт-факторы бар мақалалар, патенттер, монографиялар және т.б.) дайындау және жариялау, конференцияларға қатысу жарналары және баяндама жариялау шығындары; жоспарлы аналитикалық зерттеу; жобаның нәтижелерін патенттеу шығындары;

Материалдар, жабдықтар және (немесе) бағдарламалық камтылымды (занды тұлғалар үшін) сатып алу және өзге де қажетті тауарларға шығындар.

7. БИБЛИОГРАФИЯ

Бұл бөлімде жоба сипаттамасында, ғылыми жаңалық пен маңыздылық бөлігінде пайдаланылған әдебиеттер мен сілтемелер көрсетіледі;

Әрбір дереккөз үшін журналдың толық атауы, шығарылым нөмірі, шыққан жылы, беттері, мақала атауы және барлық авторлардың толық аты-жөні көрсетілуі қажет.

Жоба жетекшісі

Қолы

Аты-жөні